

Алматы қаласы тұрғындарының қала шегінен тысқары жерлерде емделуі үшін бюджет қаражаты есебінен тегін және жеңілдікпен жол жүруді ұсыну туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXX сессиясының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 494 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 қаңтарда N 919 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 156 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 12.09.2022 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 9 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте емделуге жолданған Алматы қаласы тұрғындарына Қазақстан Республикасы бойынша Алматы қаласы шегінен тысқары жерлерде емделуі үшін бюджет қаражаты есебінен тегін және жеңілдікпен жол жүру ұсынылсын.

2. Науқастың және онымен бірге жүретін тұлғаның Қазақстан Республикасы бойынша Алматы қаласының шегінен тысқары жерлерде емделуге жол жүру ақысының төлемі темір жол және әуе көлігінде – темір жол көлігінің купелік вагон билетінің құнынан аспайтын мөлшерде, қала аралық автомобиль көлігінде – жол жүру құны мөлшерінде жергілікті бюджет қаражатынан жүргізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экология, денсаулық сақтау мен төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссиясы төрағасының орынбасары С. Қалақовқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары С. Сейдумановқа жүктелсін.

4. Алматы қаласының мәслихаты (Т.Т.Мұқашев) нормативтік құқықтық актіні Алматы қаласы Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXXXX сессиясының
төрағасы IV сайланған*

*Алматы қаласы мәслихатының
хатшысы*

Д. Петрухин

Т. Мұқашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК